ҚОҒАМ

ҚАЛДЫҚТАРДЫ БАСҚАРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ҚАРАЛДЫ

2-бетте

АЙМАҚ

РЕСПУБЛИКАДА КӨШ БАСТАП ТҰР

3-бетте

АЙМАҚ

ТҮЙІНІ ТАРҚАТЫЛМАҒАН МӘСЕЛЕ КӨП

3-бетте

# SALYQ TÁRTIBI

Газет 1994 жылғы наурыздан шығады

www.salyq-gazet.kz | РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ | saltar61@mail.ru | №33 (1892) 29 наурыз 2025 жыл

ПРЕЗИДЕНТ

## ҚАУІПСІЗДІКТІ НЫҒАЙТУҒА ЫҚПАЛ ЕТЕДІ

**Мемлекет басшысы Армениядағы Сыртқы істер министрі Арарат Мирзоянды қабылдады.**

Қасым-Жомарт Тоқаев екі ел президенттерінің былтыр Қазақстан мен Арменияға жасаған сапарлары өзара қарым-қатынасты жан-жақты дамытуға айтарлықтай серпін бергенін атап өтті.

– Сіздің Астанаға алғашқы ресми сапарыңыз екі ел арасындағы ынтымақтастықты одан әрі нығайту тұрғысынан маңызды. Біздің армян халқы мен Сіздің мемлекетке деген құрметіміз бөлек, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев еліміз Бейбітшілік туралы келісім жобасы бойынша келіссөздердің аяқталып, Ереван мен Баку арасындағы мемлекетаралық қарым-қатынастың жандануын қолдайтынын жеткізді. Президенттің пікірінше, бұл айтулы оқиға Армения мен Әзербайжан арасында бейбіт келісім орнатуға негіз қалап, аймақтың Қазақстан және Орталық Азия мемлекеттерімен ынтымақтастығын белсенді түрде дамытуға, сондай-ақ қауіпсіздікті нығайтуға ықпал етеді.

Өз кезегінде Армениядағы Сыртқы істер министрі қонақжайлық танытқаны үшін ризашылығын білдірді.

– Біз Сіздің екі ел арасындағы ықпалдастыққа қатысты ұстанымыңызды қолдаймыз, – деді Арарат Мирзоян.

Ол Армения мен Қазақстанның Сыртқы істер министрліктері және басқа да ведомстволары Қасым-Жомарт Тоқаевтың былтыр Ереванға жасаған ресми сапары барысында қол жеткізілген уағдаластықтарды жүзеге асыру бойынша жұмыс істеп жатқанын жеткізді.

Кездесу барысында сауда-экономикалық, инвестициялық, көлік-логистикалық, мәдени-гуманитарлық салалардағы екіжақты байланысты ілгерілету перспективасы қарастырылды. Қазақстан Президенті отандық бизнес өкілдерінің Арменияға тауар тасымалын 350 миллион долларға дейін ұлғайтуға дайын екенін мәлімдеді.

*AKORDA.KZ.*

ТУРИЗМ ИНДУСТРИЯСЫ

## ТУРИСТІК «JIBEK JOLY» ПОЙЫЗЫ – ТАРАЗДА

**Мемлекет басшысы биылғы қаңтар айының соңында өткен Үкіметтің кеңейтілген отырысында ел экономикасын көтерудегі сегіз бағытқа тоқталып өткені белгілі. Бірінші бағытты тарқата келе: «Келесі кезек күттірмейтін мәселе. Туризм экономиканың өсуіне жаңаша серпін беретін сала болуы қажет. Бұл бағытта біз артта қалып барамыз, жұмыс мардымсыз жүріп жатыр. Еліміздің әр аймағында көрікті жерлер бар. Шетелден және ел ішінен келген туристер біздің қайталанбас қорықтарымызды аралап көргісі келеді. Бірақ, белсенді және ауқымды туризмді дамыту үшін жағдайымыз жеткілікті емес. Сондықтан жеке инвесторларды да тарта отырып, қажетті инфроқұрылым салу жұмысын дереу бастау қажет. Туризм саласының инвестициялық әлеуетін күшейтуге арналған кез келген бастамаға қарсы шығатын адамдардың жетегінде кетпеу керек. Маңғыстауда әйгілі Бозжыраға байланысты сондай жағдай болғанын белесіздер.**

Үкімет пен жергілікті мекеме өкілдері іскерлік ахуалды жақсарту үшін неғұрлым батыл шаралар қабылдауға тиіс. Мен экономикаға инвестиция тарту мәселесін бекерден-бекер басты орынға қойып отырған жоқпын. Мұның да стратегиялық маңызы зор. Экономикамыздың болашағы мен еліміздің әлем картасындағы орны, ең алдымен, осыған байланысты», деп атап көрсетті.

Туризм және спорт министрлігінің Туризм индустриясы комитеті Мемлекет басшысының Үкіметке берген тапсырмасын орындау мақсатында ауқымды іс-шараларды қолға алуда. Соның бірі – 20-25 наурыз аралығында туристік «Jibek joly» пойызының кезекті сапары жоспарланып, жүзеге асты. Осыған орай «Алматы-Түркістан-Ташкент-Самарқан-Тараз-Алматы» бағытында ұйымдастырылған туристік пойыз сан ғасырлық тарихы бар, киелі де, шежірелі Тараз қаласына келіп, туристер көне де, жаңарған шаһардың тарихи-мәдени орындарымен танысты.

– «Jibek joly» пойызының туристік сапарына қатысушыларды салтанатты күтіп алу рәсімі жоғары деңгейде ұйымдастырылды. Оларға аймақтың тарихи-мәдени мұраларын таныстыру мақсатында жан-жақты ақпараттық-танымдық шаралар өткізілді. Туристер Тараз қаласына жеткенге дейін Қазақстанның бірнеше ірі қаласында аялдап, сондай-ақ көршілес Өзбекстанның Ташкент және Самарқан қалаларына сапар жасап, көне өркениет ошақтарымен танысты. Жалпы бұл ерекше туристік пойызбен 312 адам келді. Олардың басым бөлігі, яғни 300-і Қазақстан азаматтары болса, қалған 12-сі алыс және жақын шет мемлекеттерден келген шетелдік саяхатшылар, – дейді облыс әкімдігі кәсіпкерлік және индустриалды-инновациялық дамыту басқармасы басшысының орынбасары Гүлнұр Қойшыбекқызы.

«Jibek joly» пойызының алғашқы рейсі былтырғы 16-20 қараша аралығында ұйымдастырылып, саяхат бағыты Түркістан, Ташкент және Самарқан қалаларын қамтыған. Екінші рет биылғы 2-7 қаңтар аралығында ұйымдастырылып, маршрутқа қосымша Шымкент, Өзбекстанның Самарқан қалалары еніпті.

– «Jibek joly» туристік маршрутымен бірге бірнеше қаланы аралап, кең-байтақ өлкеміздің аса бай тарихи-мәдени мұрасымен тереңірек танысу мүмкіндігіне ие болдық. Осы сапар аясында сан ғасырлық тарихы бар қасиетті жерлерді көзбен көріп, ұлттық құндылықтармен етене жақын танысып келеміз. Бүгін ежелгі Тараз қаласына табан тіреп, бала күнімізден құлағымызға жатталды болған бұл өңірдің әулиелі мекен екендігін тағы бір мәрте сезіндік. Қаланың тұрғындары өздерінің ата-бабадан мирас болып қалған қонақжайлылық дәстүрінен жаңылмай, бізді зор ықыласпен, ерекше сән-салтанатпен қарсы алды, – дейді Қарағанды қаласының тұрғыны, турист Сырлыбек Жолмағанбетов.

Туристер үш топқа бөлініп, Тараз қаласындағы «Көне Тараз» тарихи-этномәдени кешені, облыстық тарихи-өлкетану мұражайы, Ерте ислам мешіті және Қарахан, Айша бибі, Бабажа хатун кесенелерімен танысты.

Әлемде өркениетті мемлекеттердің дені өздеріндегі табиғат таңғажайыптарын, ертеден жеткен жедігерлерді, архитектураның әлемдік соңғы үлгілерін тамашалатуға әлемнің түкпір-түкпірінен туристер тартып жатады. Ондай мемлекеттердің қоржыны алыс-жақын шетелдерден келетін туристердің қаржысымен де толады. Мемлекет басшысы «Еліміздің әр аймағында көрікті жерлер бар» деп атап көрсеткендей әулиелі өңір – Жамбыл облысында да қарасаң көз тоймайтын көрікті жерлермен қатар, ғасырдан ғасырға жеткен тарихи орындар да аз емес. 2000 жылдық тарихы бар, әулиелер мекені болған Тараздың маңайы да алыс-жзақын шетелден және кең байтақ еліміздің әр өңірінен келетін туристерді сөзсіз қызықтырады.

***А. ӘБІЛ,***
***Жамбыл облысы.***

ЖАҒЫМДЫ ЖАҢАЛЫҚ

## «ТАРАЗ» ЖАСТАР ТЕАТРЫ СТУДИЯСЫ АШЫЛДЫ

**Ы. Дүкенұлы атындағы Тараз қалалық мәдениет үйінің жанынан жастар театры студиясы құрылды. 27 наурыз– Халықаралық театр күніне орай Жамбыл облысының әкімі Ербол Қарашөкеев, зиялы қауым өкілдері, мәдениет майталмандары мен өнер сүйер қауым жас өнерпаздардың алғашқы қойылымын тамашалады.**

– Мәдениетті елдің мәртебесі биік! Әсіресе, театр өнердің жүрегі іспетті. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Бурабайдың баурайында өткен Ұлттық құрылтайдың IV отырысында театрларды салуға және дамытуға баса назар аударуды тапсырған болатын.

Жастар театры студиясының құрылуы аймақтағы айшықты оқиғаның бірі десек қателеспейміз. Игі шара талантты жастарды қолдау, оларды жергілікті жерде тұрақтандыру мақсатына негізделіп отыр. Бұл – өнерсүйер көпшіліктің біраз жылдан бері көтеріп жүрген тілек-өтініші, көптен күткен қуанышы.

Жамбыл – өнер биігін бағындырған қайраткерлерге бай өңір. Асанәлі Әшімов, Тұңғышбай Жаманқұлов, Нұрсифат Салықова, Мәкен Рақымжанова секілді көптеген театр мен кино өнерінің корифейлері әулиеаталықтардың ғана емес, тұтас ұлттың

мақтаныштары! Ы. Дүкенұлы атындағы қалалық Мәдениет үйінің жанынан құрылған өнер ордасы өңірдегі дарынды өрендер үшін мол мүмкіндіктердің мекеніне айналады деп сенемін. Театр ұжымы шығармашылықтың шыңына шығып, толағай табыстарға қол жеткізе беруіне ниеттеспін! — деді облыс әкімі.

Салтанатты іс-шара барысында бірқатар театр қызметкеріне мәдениет саласының дамуына қосқан үлесі үшін облыс әкімінің Құрмет грамотасы мен Алғысхаты табысталды.

ҚР еңбек сіңірген әртісі, ардагер журналист Асқарбек Сейілхан театр ұжымына шығармашылық табыс тілеп, ақ батасын берді.

– Елімізде әлеуметтік нысандар, өндіріс ошақтары жылда салынуы мүмкін. Ал театр біраз жылдар мен белестерді артқа тастап, пайдалануға беріледі. Ол да дұрыс шығар. Өйткені жыл сайын ашылатын театрдың қадірі болмасы анық. Біз бұл сәтті асыға күттік. Өнер жанашырларының үніне құлақ асқан облыс басшылығына алғысымыз шексіз! — деді ол.

Бұдан соң «Тараз» жастар театрының «Уақыттан биік әуен» атты тұңғыш қойылымы көпшілік назарына ұсынылды. Көрермендер жастардың өнеріне сүйсініп, қошеметтерін аямады. Облыс әкімі Ербол Қарашөкеевтің атынан театр ұжымына ықылас гүлі тарту етілді.

***ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.***

БАЛАЛАРҒА БАЗАРЛЫҚ

## ҚАЗАҚ АНИМАЦИЯСЫНЫҢ ЖАҢА КЕЗЕҢІ

**Көрермендерге жаңа қазақ анимациялық туынды– «Шоқан. Қашқария сапары» атты толықметражды мультфильм жол тартты. Бұл шығарма әйгілі ғалым, саяхатшы Шоқан Уәлихановтың Қашқарияға жасаған зерттеу экспедициясына негізделген.**

Төртінші құрылтай барысында Мемлекет басшысы кино өнерінің идеологиялық маңызына тоқталып, ұлттық нақыштағы туындылардың көптеп шығуын қолдау қажеттігін атап өткен еді. Осы орайда жарық көрген жаңа анимациялық жоба – жас ұрпаққа тарихи тұлғалардың мұрасын насихаттаудағы маңызды қадам.

Мультфильмде оқиға желісі фантастикалық элементтермен байытылған. Кішкентай Азат есімді кейіпкер сиқырлы компастың көмегімен 1858 жылға тап болады. Бұл – жас Шоқанның Қашқарияға аттанған кезеңі. Азат пен Шоқан бірігіп, Қашқар қаласының тыныштығын сақтау жолында түрлі сынақтардан өтеді. Оқиғаның негізгі желісі – зерттеушінің Тянь-Шань тауларын зерттеуші Петр Семеновтен алған сиқырлы кілтті Қашқар қаласына жеткізуі. Бұл кілт ғайып болған күшті қайтарады, алайда оған зұлым күштер де көз тігеді.

Фильмде кейіпкерлер екі топқа бөлінген: жақсылық жолындағы қаһармандар – Шоқан, Азат және керуенбасы Мұсабай ақсақал, ал қарама-қарсы күштер – түрлі мифологиялық құбыжықтар мен антагонист Тай Цзю.

Мультфильмнің креативті продюсері Самат Әлім тарихи оқиғаны фантастикалық жанрмен үйлестіру оңай болмағанын атап өтті. Қашқарияға сапар кезінде қалаға кірудің қиын болғанын көрсету үшін антагонистік күштер қосылған. Бұл кейіпкерлер негізінен қытай мифологиясына сүйене отырып жасалған. Мысалы, «Жасыл құбжық» образы қытай аңыздарындағы «Цзой ю» бейнесінен алынған. Сондай-ақ, Шоқанның күнделігіндегі деректерден шабыт алынып, оның жазбаларындағы Албасты рухы мультфильмде Айпері кейіпкері ретінде көрініс тапқан.

*(Жалғасы 4-бетте)*

ҮКІМЕТ

# ҚАЛДЫҚТАРДЫ БАСҚАРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ҚАРАЛДЫ

**Премьер-Министрі Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында қалдықтарды басқару мәселелері қаралды.**

Экология және табиғи ресурстар министрі Ерлан Нысанбаев пен Өнеркәсіп және құрылыс министрі Ерсайын Нағаспаев коммуналдық және өндірістік қалдықтарды басқарудың жай-күйі мен алдағы жоспарлар туралы баяндады. Энергетика министрі Ерлан Ақкенженов отын-энергетика кешені қалдықтарын басқару туралы айтты. Сондай-ақ Ұлытау облысының әкімі Дастан Рыспеков пен Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек баяндама жасады.

Отырыс барысында Премьер-Министр қалдықтардың жиналып қалуы бүгінгі күннің ең өзекті мәселелерінің біріне айналғанын атап өтті. Ғылыми зерттеулер қалдықтарды басқару мәселесіне жете көңіл бөлмеудің салдары экологиялық ахуалға, халықтың денсаулығы мен тұрмыс сапасына әсер ететінін көрсетіп отыр. «Қалдықтарды басқару жүйесін дамыту үшін былтыр елімізде арнайы жеңілдікпен қаржыландыру тетігі бекітілген болатын. Бүгінде 94 жобадан тұратын пул жасақталды. Алайда, оларды іске асыру барысы мүлдем мардымсыз. Бүгінде 67 жоба қаралған. Соның 6-ы ғана 4 миллиард теңге сомасында қаражатпен қамтамасыз етілген. Бұл жобаларды дайындау барысында әкімдіктердің тарапынан үйлестіру шараларының жеткіліксіз екенін білдіреді», — деді Олжас Бектенов.

Премьер-Министр жобаларды іске асыру, жабдықтарды жаңғырту, жаңа технологияларды енгізу бойынша белсенді жұмыс қажет екенін атап өтті. Өткен жылы өңірлерде 5 миллион тоннаға жуық қатты тұрмыстық қалдық жиналған. Оның шамамен 26 пайызы қайта өңделіп, кәдеге жаратылды. Бұған негізінен қағаз бен пластик қалдықтарын қайта өңдеу арқылы қол жеткізіліп отыр. Үкімет басшысы барлық нормативтік база қабылданғанына қарамастан, коммуналдық және басқа да қалдықтарды өртеу жобаларын іске асыру мәселелері созылып кеткенін атап өтті.

Өндірістік қалдықтарды қайта өңдеу мәселелері де өз шешімін таппай келеді. Жыл сайын отандық кәсіпорындарда 1 миллиард тоннаға жуық қалдық жинақталып қалады. Оларды қайта өңдеу көлемі шамалы, небәрі 11 пайызды құрайды. Ал, дамыған елдерде бұл көрсеткіш 70-80 пайызға жетеді. Сонымен қатар, кен орындарындағы үйінділердің құрамында бағалы және сирек кездесетін металл қоспалары бар. Оларды алу үшін тиімді жаңа технологияларды қолдану қажет. Энергетика кәсіпорындарының күл үйінділері де көбейіп барады.

Олжас Бектенов қалдықтарды тиімді басқарудың айқын жүйесін жасап, оны цифрландыру қажет екенін баса айтты. «Дұрыс тәсілдерді қолдану арқылы қалдықтарды жойып қана қоймай, олар өңделіп, қайтадан кәдеге жаратылуға тиіс. Сондықтан да озық елдердің осы саладағы тәжірибесін меңгеру керек. Ал, мұндай жобалар бізде баршылық. Отандық тау-кен компаниялары қалдықтарды қайта өңдеп, 30-ға жуық өнім түрін шығаратын жобаларды бастады. Олардың ішінде құрылыс материалдары мен тыңайтқыштар шығаратын және басқа да көптеген жобалар бар», — деп атап өтті Премьер-Министр.

Олжас Бектенов Экология және табиғи ресурстар министрлігіне мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп, 1 қыркүйекке дейін қалдықтардың барлық түрін басқару тұжырымдамасын әзірлеуді тапсырды. Ол қалдықтарды басқару процестерін орталықтандыруға, барлық мүдделі тараптарды тартуға, циклдік экономика моделін құруға бағытталуы тиіс.

Экология және табиғи ресурстар министрлігі Өнеркәсіп қорымен және әкімдіктермен бірлесе, қалдықтарды басқару саласындағы жобаларды іске асыру жұмысын күшейтіп, үш ай мерзімде бекітілген тізімнің ішінен қаржы бөлінген жобалар санын 5 есеге арттыруы қажет. Өңір әкімдіктері қалдықтарды сұрыптау және қайта өңдеу жөніндегі әрбір жобаға олар іске қосылғанша толық қолдау көрсетуі керек.

Экология, Энергетика министрлігіне әкімдіктермен бірлесіп, қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату саласындағы жобалардың тізбесін айқындауды тапсырды. Сәуір айында инвесторлар тарту үшін аукцион ұйымдастырылуы керек.

Өнеркәсіп және Энергетика министрліктері өндірістік қалдықтарды қайта өңдеу бойынша өнеркәсіптік және энергетикалық кәсіпорындарды қолдау мен ынталандырудың нақты шараларын әзірлеуі қажет. Бұл көмір химиясы, құрылыс материалдарын жасау, жерде сирек кездесетін металдарды алу салаларында жаңа өндірістер құруға мүмкіндік береді.

Экология, Өнеркәсіп, Энергетика және Цифрландыру министрліктерінің алдына коммуналдық және өндірістік қалдықтарды басқару, мониторингтеу және бақылау саласында цифрлық шешімдерді әзірлеу міндеті қойылды.

***ҚР ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.***

СУ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

# ЖАҢА СУ КОДЕКСІ ӘЗІРЛЕНДІ

**Су ресурстары және ирригация министрлігі әзірлеген жаңа Су кодексі Мемлекет басшысына қол қоюға жіберіледі. Құжатты Парламент депутаттары мақұлдады.**

Су ресурстары және ирригация министрлігі жаңа кодексті бес негізгі қағидат бойынша әзірледі. Бұл суды қоршаған ортаның ажырамас бөлігі, азаматтардың тіршілік әрекеті мен экономиканың дамуының негізі ретінде тану, су қорын қорғау және оның сарқылуының алдын алу, жерүсті және жерасты суларын кешенді пайдалану, су үнемдеу технологияларын енгізу және климаттың өзгеруіне бейімделу, жұртшылықты су қорын қорғау және пайдалану жөніндегі міндеттерді шешуге тарту.

Жаңа кодексте алғаш рет «су қауіпсіздігі» ұғымы енгізілді. Ол азаматтар мен ел экономикасын су тапшылығынан, ал су объектілерін ластанудан қорғау, сондай-ақ Қазақстан Республикасының трансшекаралық су нысандарын қорғау және пайдалану бағытындағы міндеттерін қорғауды қамтиды. Су көздерінің сарқылуының алдын алу үшін өзен-көлдер және теңіздердің экожүйесін қолдау мақсатында судың ең төменгі рұқсат етілген деңгейі айқындалған «экологиялық ағын» ұғымы енгізіледі.

Су нысандарын қорғау бойынша талаптар кеңейтілді. Ең алдымен, шағын өзендер мен көлдерді сақтауға назар аударылады. Атап айтқанда, шағын өзендерде су өткізбейтін бөгеттер салуға тыйым салынады. Сулы-батпақты жерлер мен мұздықтарды қорғаудың ерекше режимі қарастырылған. Ал, жергілікті атқарушы органдар екі жыл ішінде барлық елді мекендердегі су қорғау аймақтары мен белдеулерін айқындайды.

Сондай-ақ жаңа кодекс су ресурстарын басқарудың бас жоспарын және бассейндік жоспарларын әзірлеуді көздейді. Бұл құжаттар су ресурстарының көлемі туралы болжамдарға сүйене отырып, негізгі мақсат-міндеттерді, тәсілдерді және іс-шараларды анықтайды. Осы жоспарлардың қорытындысы мен ұсыныстары мемлекеттік жоспарлау кезінде ескерілуі тиіс.

Бұдан бөлек, жаңа Су кодексінің жобасы су тасқыны мен құрғақшылыққа қарсы күрес кезінде мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың өкілеттіктерін нақты ажыратуды көздейді. Атап айтқанда, Су ресурстары және ирригация министрлігі бассейндік су инспекциялары арқылы тасқын суды өткізу және қабылдау кезінде гидротехникалық құрылыстардың жай-күйі мен жұмыс режимін бақылайды. Сонымен қатар, министрлік тасқынды су айдындарына жіберуді қамтамасыз етуі тиіс.

Төтенше жағдайлар министрлігі су тасқыны мен су тасқынынан туындаған төтенше жағдайлардың алдын алу және салдарын жою жұмысын жүзеге асырады. Жергілікті атқарушы органдар тасқын және еріген қар суының алдын алу және одан қорғауға бағытталған іс-шараларды іске асырады. Елді мекендерді, өнеркәсіптік объектілерді, ауылшаруашылығы алқаптарын және көлік инфрақұрылымын тасқын және еріген қар суынан қорғау үшін жерүсті су нысандарына санация (тазарту және тереңдету) жүргізеді.

Су ресурстары бойынша ақпараттың ашықтығын қамтамасыз ету үшін жыл сайын Ұлттық ақпараттық есеп жарияланады. Құжатта еліміздегі су ресурстарының жай-күйі, қорғалуы және пайдаланылуы туралы мәлімет болады.

Су саласын цифрландыру үшін Ұлттық ақпараттық жүйе жасалады, оның жұмысын өткен жылы құрылған Су ресурстарының ақпараттық-талдау орталығы қамтамасыз етеді.

Бұдан бөлек, қолданыстағы редакцияда қарастырылмаған, су үнемдеуді ынталандыру тетіктері енгізілді. Мысалы, айналымдағы немесе қайта сумен жабдықтауға кезең-кезеңімен көшу жоспары болған кезде ғана су пайдалануға рұқсат беріледі. Ал, оған ауысуға бес жыл уақыт беріледі. Жоспар жаңа Су кодексі қолданысқа енгізілген күннен бастап екі жыл мерзімде әзірленуі тиіс.

Жаңа құжаттың тағы бір ерекшелігі - гидротехникалық құрылыстардың қауіпсіздігі мәселесін жеке тарауға шығару. Онда гидротехникалық құрылыстардың тізілімін қалыптастыру және жүргізу, оларды пайдалану, сондай-ақ қауіпсіздік декларацияларын әзірлей отырып, көп факторлы тексеріс жүргізу мәселелері жүйеленген. Сондай-ақ гидротехникалық құрылыстардың қауіпсіздік регламентін әзірлеу қарастырылып отыр.

Жаңа Су кодексінде су ресурстарын қорғау және пайдалану саласындағы қоғамдық бақылауға көп көңіл бөлінеді. Бассейндік кеңестердің рөлі күшейтілді. Олардың ұсынымдары мен шешімдері бассейндік, аумақтық, салалық және бас жоспарды, даму бағдарламаларын әзірлеу кезінде және суды пайдалану лимиттерін айқындау кезінде ескеріледі.

Судың «қара нарығымен» тиімді күресу үшін бассейндік су инспекцияларының мемлекеттік бақылау функциялары күшейтілді. Оларға жедел ден қою шараларын қабылдау үшін қадағалау функциялары беріледі. Сондай-ақ жергілікті атқарушы органдардың су қорын қорғау және пайдалану саласында оларға жүктелген функцияларды сақталуына мемлекеттік бақылау жүргізілетін болады.

Бұдан бөлек, Парламент Мәжілісінің депутаттары әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодекске және жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы Кодекске түзетулер енгізуге бастамашылық жасады. Атап айтқанда, суды заңсыз пайдалану үшін жауапкершілікті қатаңдату «гидротехникалық құрылыстарды пайдалану қауіпсіздігін бұзу» атты жаңа бапты енгізу, Арал теңізі аумағында қазбаларды өндіруге тыйым салу және жерасты су ресурстарын тиімді басқару үшін Су ресурстары және ирригация министрлігіне бірқатар функцияларды беру ұсынылды.

«Жаңа Су кодексінің негізгі міндеттерісу үнемдеудің жалпыұлттық саясатын қалыптастыру және дамыту, ғылымды дамыту және ғылыми тәсілдерді пайдалану, елді мекендерде сумен жабдықтау мен су бұруды реттеу, тазартылған сарқынды суларды қайта пайдалану, сондай-ақ су ресурстарын қорғау және пайдалану саласында тиімділікті арттыру болып табылады. Құжат Қазақстанның су саласының барлық бағыттарын қамтиды», - деді Су ресурстары және ирригация министрі Нұржан Нұржігітов.

***ҚР СУ РЕСУРСТАРЫ ЖӘНЕ ИРРИГАЦИЯ МИНИСТРЛІГІ.***

ТАЗА ҚАЗАҚСТАН

# ҚЫЗЫЛОРДА УНИВЕРСИТЕТІНДЕ ЭКОКЛҰБ ҚҰРЫЛДЫ

**Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде «Таза Қазақстан» экологиялық мәдениетті дамыту жобасы аясында «Eco life» студенттік экологиялық клубы ашылды. Ашылу рәсімі Дүниежүзілік су ресурстары күні мен Арал теңізі күніне орай ұйымдастырылды.**

Жиынға Әлеуметтік және тәрбие жұмыстары жөніндегі проректоры Жандос Базартай қатысып, оқу орнында ашылған жиырма екінші студенттік ұйым жұмысына сәттілік тіледі. Экоклубқа 100 студент қабылданып, оларға алдағы міндет-жоспарлар таныстырылды.

Клуб жетекшісі, «Электр энергетикасы, техносфералық қауіпсіздік және экология» білім беру бағдарламасының аға оқытушысы Светлана Қожамбердиева клубқа қабылданушы студенттерге су экологиясы мен ресурстарын тиімді басқарудың маңыздылығын айтты.

«Су – тіршіліктің көзі. Экологиялық клубты дәл осы күні ашуымыздың басты мақсаты – білім алушыларға судың экологиялық жүйенің негізі екенін түсіндіру. Адамдардың іс-әрекеті салдарынан өңіріміздегі Арал теңізінің экосистемаларға қалай әсер еткені – соның айқын мысалы. Қазіргі кезде Аралды құтқару бағытында жоспарлы түрде ғылыми негізде жұмыстар жүргізілуде. Әлем назарындағы Арал теңізін сақтап қалу үшін жастарды экологиялық мәселелерді шешуде ғылыми зерттеулер жүргізуге, жалпы қоршаған ортаны қорғауға баулу басты міндетіміз», – деді ол.

Экоклубтың мақсаты – студенттердің қоршаған ортаға деген саналы көзқарасын қалыптастыру, экологиялық мәдениетті дамыту, табиғатты қорғауға белсенді қатысу, университетте және одан тыс жерлерде экологиялық мәселелерді шешу, сонымен қатар, тұрақты даму ұстанымдары мен экологиялық таза технологияларды насихаттау.

«Eco life» клубы құрамында болу маған экологиялық мәселелерге қатысты түсінігімді тереңдетуге мүмкіндік береді. Әрбір адам өз іс-әрекетімен табиғаттың тепе-теңдігін бұзбай, айналамызға деген жауапкершіліктің маңыздылығын түсінуі керек. Клубта өзім сияқты көптеген жастар табиғатты қорғау үшін не істей алатынын талқылап, өзара пікір алмасуға мүмкіндіктері бар. Алдағы уақытта экологиялық мәселерді шешуде ғылыми жобалар мен зерттеулер жүргізіп, өз үлесімді қосамын деген сенімдемін және барлық жастарды белсенді болуға шақырамын», – деді клуб мүшесі Жібек Ақнұрова.

Айта кетейік, эколуб мүшелерінің зерттеу жұмыстарын жүргізіп, іс-шаралар ұйымдастыруына қолайлы орта қалыптастыру негізінде қайта жаңғыртудан өткен дәрісхана пайдалануға берілді. Сонымен қатар, қалдықтарды қайта өңдеу, су мен энергияны үнемдеу, табиғат ресурстарын сақтауға бағытталған көрме қойылды. Жаңа студенттік ұйымға экологиялық мәдениетті қалыптастыруға үлес қосамын деген университеттің студенттері мүшелікке қабылданады. Осы арқылы экологиялық мәдениетті дамытуға, студенттердің бастамаларын қолдауға бағытталған қадам болмақ.

***ҚР ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ.***

БРИФИНГ

# ЖАСӨСПІРІМДЕР АРАСЫНДАҒЫ ҚЫЛМЫСТЫҢ АЛДЫН АЛУ - ОРТАҚ МІНДЕТ

**Жамбыл облыстық өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында Жамбыл облысы ПД жергілікті полиция қызметі басқармасының Кәмелетке толмағандар полициясы тобының ерекше тапсырмалар жөніндегі аға инспекторы Алишер Қалышевтың қатысуымен баспасөз конференциясы өтті. Онда жасөспірімдер арасындағы қылмыстың алдын алу, құқық бұзушылықтың себептері мен оған қарсы жүргізіліп жатқан шаралар туралы сөз қозғалды.**

Қазіргі таңда жасөспірімдер арасындағы қылмыс қоғамдағы өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Жасөспірімдердің құқық бұзушылыққа баруы көбінесе отбасындағы тәрбие мен әлеуметтік ортаның әсеріне байланысты. Осыған орай, құқық қорғау органдарының жұмысы ғана емес, ата-аналар мен қоғам тарапынан бақылау мен алдын алу шараларын күшейту қажеттігі айтылды.

«Жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын алу шаралары күнделікті жүргізілуде. Соған қарамастан, ата-аналар тарапынан жауапкершіліктің төмендеуі, жұмысбастылықтың салдарынан балалардың қараусыз қалуы құқық бұзушылық деңгейіне әсер етіп отыр», – деді Алишер Қалышев.

Құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында Жамбыл облысы аумағында «Қауіпсіз мектеп», «Түнгі қаладағы балалар», «Құқықтық тәртіп» сынды жедел-профилактикалық іс-шаралар жүргізілуде. 2025 жылдың алғашқы екі айы мен 15 күнінде 812 рейд ұйымдастырылып, 3012 әкімшілік хаттама толтырылыпты.

«Түнгі уақытта қараусыз жүрген жасөспірімдер қылмысқа баруы немесе қылмыстың құрбанына айналуы мүмкін. Сондықтан ата-аналар тарапынан қадағалау күшейтілуі керек. Осыған байланысты Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 442-бабына сәйкес, түнгі уақытта заңды өкілінсіз жүргені үшін 1425 ата-ана жауапкершілікке тартылды», – деді Алишер Тиллабекұлы.

Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, жыл басынан бері кәмелетке толмағандардың қатысуымен болған қылмыстар саны 41,2 пайызға төмендеген. Орын алған 10 қылмысты жасауға 11 жасөспірім қатысқан, оның ішінде 4 мектеп оқушысы, 5 колледж студенті және 2 оқуын аяқтаған жасөспірім бар.

«Жасөспірімдердің қылмысқа баруының негізгі себептерінің бірі – әлеуметтік жағдайдың төмендігі, ата-ананың бақылауының әлсіздігі және теріс ортаға еруі. Кейбір балалар сәнді киімге, қымбат телефонға қол жеткізу үшін ұрлыққа барады. Бұған қоса, үйден кету жағдайлары да құқық бұзушылыққа алып келуі мүмкін. Мысалы, биыл облыс аумағында 39 жасөспірімнің үйден кету дерегі тіркелді. Олардың 24-і қыз бала, 16-ы ұл», – деп атап өтті спикер.

Жасөспірімдердің құқық бұзушылығын азайту үшін құқық қорғау органдары білім беру мекемелерімен бірлесе отырып, түрлі профилактикалық шаралар өткізуде. Полиция бөлімдерінде есепке алынған жасөспірімдер мен олардың ата-аналарымен жеке кездесулер ұйымдастырылып, құқықтық түсіндіру жұмыстары жүргізілуде. Сонымен қатар, БАҚ пен әлеуметтік желілерде құқықтық ақпараттық жұмыстар кеңінен насихатталуда.

«Құқық қорғау органдары өз тарапынан барынша шара қабылдауда. Алайда бұл тек полицияның міндеті емес. Қоғам болып, ата-аналар болып жұмыла әрекет еткенде ғана бұл мәселені шешуге болады. Абай Құнанбайұлы айтқандай, «Бала тәрбиесі – басты байлығың. Кешіксең, көретінің – қайғы-мұң». Сол себепті әрбір ата-ана өз баласының тәрбиесіне аса мән беруі керек», – деп қорытындылады Алишер Қалышев.

Брифинг соңында журналистер спикерге көкейкесті сұрақтарын қойып, тұщымды жауаптар алды. Қойылған сұрақтардың басым бөлігі жасөспірімдер қылмысының себептері, ата-аналардың жауапкершілігі және құқық қорғау органдарының алдағы жоспарларына қатысты болды. Спикер әр сұраққа нақты мысалдармен жауап беріп, құқық қорғау саласындағы атқарылып жатқан жұмыстардың нәтижелері туралы кеңінен баяндады.

Құқық қорғау органдары жасөспірімдер арасындағы қылмыс деңгейін төмендету бағытында жұмысын жалғастыра береді. Бұл мәселені түбегейлі шешу үшін ата-аналар, мұғалімдер және бүкіл қоғам болып бірге әрекет ету қажет. Тек осылай ғана біз жауапкершілігі жоғары, тәртіпті және саналы ұрпақ тәрбиелей аламыз.

***А. АБЫЛАШҰЛЫ.***
***Жамбыл облысы.***

ҚОЛӨНЕР

# ІСМЕР ӘЖЕ

**Бүгінде елімізде тігіншілік өнермен айналысатын қыз-келіншектердің қатары көп. Олардың қолынан шыққан заттарға жергілікті жұрттан бұрын шетелдіктер де тапсырыс беретін болған. Ежелден келе жатқан қасиетті өнерді кәсіпке айналдырып, жастарға насихаттап жүрген ақ жаулықты аналарымыздың адал еңбегін бағалаған жөн. Текелілік зейнеткердің қолынан шыққан қазақы нақыштағы тұрмыстық бұйымдар көпшіліктің көз жанарын жаулауда.**

Нұржібек Тілеубекова 64 жаста. Жастайынан қолына алған инесін зейнетке шықса да тастамай келеді. Кейіпкеріміздің сүйікті ісін кәсіпке айналдырып, ел қадесіне жаратып отырған жайы бар. Талғам мен табандылықты талап ететін ерекше өнерді кейінгі буынның да үйренгенін жөн санайды.

– Көптен бері қыз балалардың жасауын жасап жүрмін. Жасаған бұйымдарымды бір-бірінен көріп, естігендер қоңырау шалып, үйіме дейін келіп жатады. Адамның көңілі қымбат қой, барынша арзан бағаға беремін. Айналайындар, қуанып қалады. Бұл тұрмыстық заттарды балаларыма да жасап бердім. Жалпы, қазақы нақыштағы

ою-өрнекті құрақ көрпелер кез келген шаңырақтың сәнін кіргізіп тұратыны шындық. Жастардың тілімен айтқанда брендтік сөмкелерді де осы күні жасап жүрмін. Қызығушылар көп. Жұмыс көбейгенде қыздарым көмектесіп тұрады. Келіндерім де мұндай іске келгенде аянып қалмай барын салып жәрдемдерін тигізеді. Көбіне ою ойысады, – дейді Нұржібек Тілеубекова.

Ісмер апа тігін тігумен кәсіби тұрғыда 1997 жылдан айналыса бастаған. Ол құрақ құрап, тігілген көрпе, жастықпен бөстектің санынан осы күні жаңылып қалдым деп езу тартады. Тігіншінің ісін бүгінде немересі Әсима жалғап жүр. Апасы оны өзі баулып, білгенін түгелдей үйретуде.

– Менің апам өте жайдары адам. Қолынан келмейтіні жоқ деп ойлаймын. Апам маған кішкентай кезімнен тігін тігудің жолдарын көрсетіп келеді. Ең алдымен, мата таңдауды, ою түрлерін ажыратуды үйретті. Апама айтар алғысым көп. Ол әрдайым бізді ойлап жүреді, – дейді Әсима Сәрсен.

Еңбек адам атын шығарып, асқақтататыны ақиқат. Әсілінде әрбір жан иесінің тұла бойында бір өнердің бұғып жататыны жасырын емес. Сол қабілетіңді айналаңдағылар байқағанда қадірің биіктей бермек. Нұржібек апаның да абыройын көтерген осы қолөнер болса керек-ті.

***М. ЖҰМАБАЙ.***
***Жетісу облысы.***

БАСПАСӨЗ ТУРЫ

# РЕСПУБЛИКАДА КӨШ БАСТАП ТҰР

**Түркістан өңірінің ауылшаруашылығы саласы бойынша көрсеткіштері республикада алдыңғы қатарда екені аз жазылған жоқ. Өңірдің 2024 жылғы бұл саладағы жалпы өнім көлемі 1 083,6 миллиард теңгені құрады. Оның ішінде егін шаруашылығы өнімі – 690,5 миллиард теңге, мал шаруашылығы өнімі 383,6 миллиард теңгеге жеткен.**

Ауылшаруашылығы министрлігі Түркістан облысы әкімдігімен бірлесіп жуырда бірнеше ауданның агросектордағы жаңалықтарымен бөлісті. Онда журналистерге бірқатар шаруашылық жұмыстары кеңірек таныстырылды.

Ең алғашқы бас сұққан нысанымыз Арыс қаласындағы аустралиялық әдіс бойынша 50 мың басқа арналған ірі қара бордақылау алаңы болды. Ол Арыстың Қожатоғай ауылдық округінде салынуда. Аталған жоба инвесторлар есебінен жүргізілуде және ең ірі кешендердің біріне айналмақ. Нақтырақ айтсақ, Арыс қаласындағы «Turkestan Agro.kz» ЖШС базасында екі ірі кешен – жаңбырлатып суару әдісімен мал азығы дақылдарын өсіру және ет бағытындағы мүйізді ірі қара өсірумен айналысатын шаруашылық-репродуктор құрылысы іске қосылады. Құрылыс, мал бордақылау және мал жаю схемасы аустралиялық тәсілмен жүзеге асырылады. Бүгінгі таңда серіктестік аумағында жұмыс қызу жүріп жатыр. Жобаны іске асырудың бірінші кезеңінде бордақылау алаңына алты жүзге жуық ірі қара мал әкелінді. Жыл соңына дейін тағы 15 мың ірі қара әкелу жоспарланған. Ал, 2026-2027 жылдары 35 мың ірі қара сатып алынады. Бордақылау алаңында барлық жұмыс автоматтандырылған. Сондай-ақ серіктестік бордақылау алаңы маңынан 4710 гектар алқапқа жаңбырлатып суару технологиясын қолдана отырып, мал азықтық дақылдар өсіруді қолға алмақ.

Мәселен, биыл 500 гектарға мал азығы өсіріледі. Серіктестік әлемге әйгілі ауылшаруашылығы техникасын шығарушы «John Deere» компаниясының өнімдерін сатып алған. Бордақылау алаңында барлық жұмыс автоматтандырылған. Жобаның жалпы құны 16,2 миллиард теңгені құрайды. Мұнда 100-ге жуық жаңа жұмыс орны ашылмақ.

Ал, Сайрам ауданындағы Қайнарбұлақ ауылында «Gen Group Kazakhstan» ЖШС-де аумағы 193 800 шаршы метрді құрайтын жылыжай кешені салынған. Жобаның құны 13,4 миллиард теңгені құрайды. Қуаттылығы 1500 тонна банан, 120 тонна құлпынай, 3153 тонна қызанақ, 1125 тонна қияр өндіруге лайықталған. Атқарушы директор Ислам Алиев әзірге жылына екі рет өнім алып отырғандарын, алдағы уақытта үш рет өнім алуға ниетті екендіктерін айтуда. Бүгінде компания 5,3 гектар жерге жылыжай салып, банан өсіруде. Өсірілетін банан сорты арнайы Қазақстанның климатына бейімделген. Жақын арада жылыжай тағы 5 гектарға кеңейтілмек. Заманауи жылыжайда әзірге шамамен жылына 1000 тонна банан өсірілмек. Онда 30 жергілікті тұрғын тұрақты жұмыспен қамтылған. Барлық құрал-жабдықтар Түркия елінен әкелінген. Өнімдері ішкі нарықта сатылымда. Аталған кешеннің Қазақстанда баламасы жоқ. Яғни, мұндай кәсіпкерлік нысан әзірге тек Сайрам ауданында ғана бар.

БАҚ өкілдері бұдан кейін Қарасу ауылындағы «Аят-Агро» ауылшаруашылығы өндірістік кооперативінің қайта өңдеу цехы жұмысымен танысты. Жеке кәсіпкер Ибрахим Саражов «Ауыл аманаты» бағдарламасы бойынша 29,5 миллион теңге несие алып, жеміс өңдеу цехына қажетті құрал-жабдықтарды сатып алған. Бүгінде мұнда 30 адам жұмыспен қамтылып, түрлі жемістерден консерві дайындайды.

Сондай-ақ журналистер Ақсукент ауылындағы «Айкан» ЖШС-нің сүт өңдеу зауытына барды. Аталған өндіріс орнында тәулігіне 100 тонна сүт өңделеді. Мұнда 80 адам тұрақты жұмыспен қамтылған. Кәсіпорында түркиялық технологиямен ірімшіктің 13 түрі шығарылады. Бүгінде кәсіпорын сүт, айран, қаймақ, ірімшік секілді жоғары сапалы сүт өнімдерін еліміздің түкпір-түкпіріне экспорттайды. Ал, Манкент ауылындағы «Nurym Group» ЖШС-нің құрама жем зауыты мен мал бордақылау алаңының құны – 2,3 миллиард теңге. Зауыт жылына 46 мың тонна құрама жем шығарады. Зауытта 10 адам жұмыс істейді. Құны 5,1 миллиард теңгені құрайтын мал бордақылау алаңы жылына 10 мың тонна ет дайындайды. Онда 40 адам жұмыс істейді. Өнімдер ішкі нарыққа және Өзбекстанға жіберілуде.

Тәсілі – Аустралия, технологиясы түріктікі демесеңіз, ет те, сүт те, жем де, жеміс пен көкөніс те өзімізден шығарылады. Өңіріміз осылайша ауылшаруашылығы саласы бойынша республикада көш бастап тұр.

***Е. ҚУАНДЫҚ.***
***Түркістан облысы.***

ӘРТАРАПТАНДЫРУ

# ЖЫЛЫЖАЙДА ҚЫЗҒАЛДАҚТАР ЖАЙҚАЛДЫ

**Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Ет, сүт, астық өнімдерін терең өңдеу және өндірістік жылыжай шаруашылықтарын дамыту сияқты біз үшін болашағы зор бағыттарға басымдық берген абзал»,– деп айрықша атап өтті. Президент тапсырмасына сәйкес бүгінгі таңда ауылшаруашылығы саласын әртараптандыру мәселесі басты назарда тұр.**

Әртараптандырудың бір бағыты – халықты қысы-жазы көкөністермен қамтамасыз ету үшін жылыжай өндірісін дамыту. Жер қарая егіс науқанының басталатыны белгілі. Алайда, науқанды күтпей-ақ, жылына бірнеше мәрте өнім алатын жылыжайлар да бар. Биыл Балқашта жеке кәсіпкер Нариман Сәрсембаев шаруашылығын жандандырған жылыжай жергілікті тұрғындарға қуаныш сыйлады.

Балқаш жылыжайында мереке қарсаңында қызғалдақтар жайқалды. Әзірге гүлдер көп емес, бірақ, сұраныс болса, олар жыл бойы өсіріледі. Балқаш жылыжайының иесі Нариман Сәрсембаев қызғалдақтарды тәжірибе ретінде отыр¬ғызғанын айтады. Бүгінде кәсіпкердің жылыжайында қияр, қызанақ, тәтті бұрыш және аскөк өсірілуде.

– Қызғалдақтар – біз үшін жаңа бағыт. Ассортиментті әртараптандыруды шештік. Әрине, Саран мен Қарағандыдағы жылыжай иелерімен кеңесіп, көп нәрсені зерттеуге тура келді. Гүлдерді өзім гаражда тамыр жайғыздым. Ол жерде гүлдер үшін ең қолайлы температура болды.

Қазір жылыжайда да температураны ұстап отырмыз. Қызғалдақтарға + 12 градус керек, бірақ, бір қиыны сол жылыжайда қызанақ та бар, ал, оларға жылу керек. Нәтижесінде + 14 температураны ұстап отырмыз. Бірінші партияда қараңғылықты дұрыс таңдауда аздап қателестік. Бірақ, енді өзіміздің қателіктерімізді түсіндік, оларды түзетеміз, – деді Нариман Сәрсембаев. Қазір жылыжайда жеті мың қызғалдақ өседі. Егер гүлдерге сұраныс күшейсе, онда олар тұрақты негізде өседі. Мұны кәсіпкер қажетті температураны ұстап тұру оңай болатын үй-жайда жасауды жоспарлап отыр.

Балқаш жылыжайы 2500 шаршы метрді алып жатыр. Онда гидропоника си¬яқты ауыл шаруашылығының инновациялық тәсілдері қолданылады. Қызғалдақтар да осылай өсіріледі.

– Әрине, біз кеңеюді қалаймыз. Бірақ, мұның бәрі күрделі және үлкен инвестицияларды қажет етеді. Бізге субсидиялар бөлінсе, шаруашылықты кеңейтуге көмектесер еді. Тағы бір проблема – маман тапшылығы. Сауатты жас маман-аграршылар аз, – дейді Нариман Сәрсембаев.

Осы қиындықтарға қарамастан, Бал¬қаш жылыжайында аскөк пен көкөністің жақсы өнімін жинау жалғасуда. Сонымен қатар, мұндағы қызметкерлер тәжірибе жинақтап, жас мамандарды тәрбиелеуге күш салуда.

Кәсіпкер алдағы уақытта жылыжай көлемін ұлғайтып, жеміс-жидек өсіретін тұқымбақ ашуды жоспарлауда.

***Н. КӘРІМ.***
***Қарағанды облысы.***

ИНВЕСТИЦИЯ

# БЫЛТЫР ШЫМҚАЛАҒА 766,1 МИЛЛИАРД ТЕҢГЕ ТАРТЫЛҒАН



**Шымкент қаласының өңдеу өнеркәсібіндегі өндіріс көлемі жылдан жылға тұрақты түрде өсіп келеді. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында қалалық кәсіпкерлік және индустриалды-инновациялық даму басқармасы басшысының орынбасары Ермек Тұрманов мәлім етті.**

Былтырғы жұмыстың қорытындысын және биылғы жоспарды баяндаған ол қаланың кәсіпкерлік және индустриалды-инновациялық даму басқармасына 2024 жылы жалпы 4 нысаналы индикатор белгіленгенін жеткізді. Бұған сәйкес, өңдеу өнеркәсібіндегі өндіріс көлемі 1 триллион 17,7 ммиллиард теңгені құраған. Бұл оның арғы жылмен салыстырғанда 12,1 пайызға өскенін көрсетіп отыр. Жалпы сауда айналымының көлемі 3 триллион 79 миллиард теңгеге жеткен. Сондай-ақ экономикадағы орта кәсіпкерліктің үлесі былтыр 9 айда 8,9 пайызды құрапты.

Қазір шаһарда өнеркәсіп саласында белсенді жұмыс істеп тұрған 998 өнеркәсіп кәсіпорны бар. Соның ішінде 19 – ірі, 47–орта және 932 – шағын өндіріс. Былтыр қаланың өнеркәсіп кәсіпорындары 1 триллион 157,2 миллиард теңгенің өнімін өндіріп, алдыңғы жылмен салыстырғанда өнім көлемін 3 пайызға арттырған.

Басқарма өкілінің сөзіне сүйенсек, қалада жалпы аумағы 1276 гектар 7 өнеркәсіптік аймақ жұмыс істейді. Бүгінде 670,1 миллиард теңгеге 427 жоба іске асырылып жатыр. Айталық, «Оңтүстік» индустриялық аймағында 130 миллиард теңгеге 3064 жаңа жұмыс орнын құра отырып, 96 жоба жүзеге асқан. Қазір соның 82-і толық іске қосылған. Нәтижесінде 3085 жұмыс орны ашылып, 120 миллиард теңгенің инвестициясы тартылды. Былтыр 68 жаңа жұмыс орны құрылып, 847 миллион теңгеге 3 инвестициялық жоба іске асқан. Биыл да 39 миллиард теңгеге 7 инвестициялық жоба қолға алынған. Бұл тағы 951 жаңа жұмыс орнын құруға мүмкіндік береді.

Ермек Тұрманов былтыр Шымкент қаласының экономикасына 766,1 миллиард теңге тікелей инвестиция тартылғанын, бұл көрсеткіш 2023 жылмен салыстырғанда 12,1 пайызға артқанын айтты. Мәселен мемлекеттік бюджеттен түскен инвестициялар көлемі 198,7 миллиард, ал жекеменшік инвестиция 567,4 миллиард теңгеге жеткен. Оның айтуынша, биыл 842,7 миллиард теңге инвестиция тарту жоспарланып отыр. Бұл көрсеткіш былтырмен салыстырғанда 10 пайызға артпақ. Сонымен қатар, басқарма өз алдына осы жылы 71,4 миллиард теңгеге 1280 жаңа жұмыс орнын құрумен 22 инвестициялық жобаны іске асыруды мәжелеген. Қала аумағында былтыр қаңтар-желтоқсан айларында 137,1 мың шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері жұмыс істеген. Бұл көрсеткіш арғы жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 6,7 пайызға өскені анықталыпты.

Бұдан басқа, шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау мақсатында мемлекеттік бағдарламалар аясында былтыр 23,7 миллиард теңге қаржы бөлінген. Республикалық бюджеттен – 18,4 миллиард, ал жергілікті бюджеттен 5,3 миллиард теңге қарастырылған. Биыл шаһардағы жұмыс істеп тұрған шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің санын 6 пайызға арттыру, яғни 137,1 мыңнан 145 мыңға жеткізу жоспарланған. Егер көзделген меже ойдағыдай жүзеге асса, Шымкенттегі шағын және орта кәсіпкерлікте жұмыспен қамтылғандар саны 243 мыңды құрайтын болады.

Өндірілген өнім көлемі 3,7 триллион теңгені құраған. Биыл жалпы өңірлік өнімдегі шағын және орта кәсіпкерліктің үлесін 46,3 пайызға жеткізу жоспарланып отыр. Бұдан бөлек, былтырғы қаңтар-желтоқсан айларының қорытындысына сүйенсек, қаланың бөлшек сауда көлемі 1064 миллиард теңгеге жетті. Биыл басқарма бұл көрсеткішті 1290 миллиард теңгеге дейін жеткізуді көздеп отыр. Ал, оған ашылатын сауда ойын-сауық орталықтарының құрылысы, жаңа сауда нүктелері және базарларды модернизациялау жүргізу есебінен қол жеткізілмек.

***Ж. ТҰРСЫНӘЛІҚЫЗЫ.***
***Шымкент қаласы.***

МЕМЛЕКЕТТІК ҚОЛДАУ

# ӨНІМДЕРІ СҰРАНЫСҚА ИЕ

**Жаңақорған ауданының тұрғындарына жақсы таныс «Ар-Меди» кәсіпорны бүгінде үлкен сұраныққа ие өнімдер шығарады. Тұшпарасы, мантысы мен самсасы, сондай-ақ жартылай фабрикат өнімдерге арналған қамырлары — бұл кәсіпорынның нағыз хиты.**

«Ар-Меди» кәсіпорнының негізін қалаған Қуаныш Абутрапов пен Қаракөз Бектөреева — ерлі-зайпты кәсіпкерлер. Қаракөздің негізгі мамандығы медицина саласы болса да, отбасылық бизнесті дамытуға деген қызығушылығы оны жаңа бағытқа жетелеген. Бұл кәсіптің басталуы он жыл бұрынға тіреледі. Алғашқыда Қаракөз өз қолымен жасаған өнімдерін жақындары мен таныстарына таратып жүрсе, уақыт өте келе сұраныс артқан соң бизнес ретінде ресми түрде іске кіріседі.

«Құжаттарды дайындап, мемлекеттік қолдау арқылы 550 мың теңге грант алып, қамыр илейтін аппарат сатып алдық. Осылайша, кәсіпімізді өрістете бастадық», — дейді Қаракөз Бектөреева.

Қазіргі таңда, кәсіпорынның өнімдері аудан тұрғындары арасында үлкен танымалдыққа ие болған. Сонымен қатар, облыс әкімінің тапсырмасымен азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін арнайы бөлінген бюджет қаражатының нәтижесінде кәсіпкерлерге 50 миллион теңге жеңілдетілген несие берілді. Бұл қаржыға жаңа мұздатқыш аппараттар мен нан пісіруге арналған пеш, түрлі тоқаш әзірлеуге қажетті құрал-жабдықтар сатып алынды.

«Жергілікті бюджеттен алған қолдауымыз кәсібімізді дамытуға үлкен ықпал етті. Бүгінде өндірісіміз 60 пайызға артты, өнімдеріміз Жаңақорған ауданымен қатар, Түркістан мен Қызылорда қалаларында да сатылуда», — дейді кәсіпкер.

Қазіргі уақытта «Ар-Меди» 32 адамды тұрақты жұмыспен қамтып отыр. Олар 28 түрлі мұздатылған жартылай фабрикат өнімдерінен бастап, түрлі нан өнімдері мен тоқаш дайындауда. Кәсіпорын тәулігіне 60 килограмм тұшпара, 20-25 килограмм түрлі өнімдер әзірлеуде. Сонымен қатар, жақында самса мен жайма қамыры ерекше сұраныққа ие болды.

Кәсіпкерлердің алдағы жоспары – сұраныққа ие өнімдерін өзге өңірлерге де кеңінен таныстырып, бизнестің ауқымын одан әрі ұлғайту.

***Н. ҒАЛЫМ.***
***Қызылорда облысы.***

# ПРИНУДИТЕЛЬНОЙ ЛИКВИДАЦИИ НАЛОГОПЛАТЕЛЬЩИКОВ ЗА 2025 Г

| № | ИИН/БИН | РНН | Наименование/Ф.И.О. | ИП/ЮЛ | Код УГД |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 500313300254 | 210210308825 | МАХМАДОВ СУЛТАН БАУДИНОВИЧ | ИП | 2102 |
| 2 | 681022302207 | 211513380135 | Крестьянское хозяйство "Жабықбай - Ата" (ЖАБЫКБАЕВ РАХМЕТ РАФИКУЛЫ) | ИП | 2102 |
| 3 | 720926300074 | 211513537348 | КХ "Серікбай" (СЕРІКҰЛЫ ЕРИК) | ИП | 2102 |
| 4 | 400106400938 | 211512319132 | К/Х ОМАРОВА МЕЙЗКУЛ (ОМАРОВА МЕЙЗКУЛ) | ИП | 2102 |
| 5 | 710420302424 | 211513668291 | КХ Ай-Fа (СМАДИЛОВ ГАБИТ СМАГЗАНОВИЧ) | ИП | 2102 |
| 6 | 710823300667 | 211513195746 | Крестьянское хозяйство "Рыскулбек" (ДЖОЛШЫБАЕВ МУРАТ РЫСКУЛБЕКОВИЧ) | ИП | 2102 |
| 7 | 770612300784 | 210210526364 | ИП "КОСЕНКО" (КОСЕНКО ВИКТОР ВЛАДИМИРОВИЧ) | ИП | 2102 |
| 8 | 811017300371 | 210210579475 | ИП " МАНСҰР " (АБДРАХМАНОВ РУСЛАН ТИЛЕПБЕРГЕНОВИЧ) | ИП | 2102 |
| 9 | 390415302507 | 210210580050 | ИСКАКОВ БАШАР КОНАРБАЕВИЧ | ИП | 2102 |
| 10 | 590913301756 | 210210268734 | Крестьянское хозяйство "Калбаев" (КАЛБАЕВ БАЗАРБАЙ ЖАЛГАСОВИЧ) | ИП | 2102 |
| 11 | 420107301552 | 210210034385 | Крестьянское хозяйство "Абдуалы" (АБСАДЫКОВ АБДУАЛЫ) | ИП | 2102 |
| 12 | 560105300771 | 210210010894 | ДОСЫМОВ УСЕНАЛЫ БАЙЗАХОВИЧ | ИП | 2102 |
| 13 | 461112300224 | 210210253780 | Крестьянское хозяйство "Тұрлыбай" (КУРМАШОВ МАКСУТКАН) | ИП | 2102 |
| 14 | 460330400500 | 210910364557 | "Агалиева" шаруа қожалығы (АГАЛИЕВА ХАНУМ МЕРАЛИЕВНА) | ИП | 2102 |
| 15 | 740112302712 | 210910368857 | ОНГАРБАЕВ КЕНЖЕБЕК АДИЛХАНОВИЧ | ИП | 2102 |
| 16 | 380130301072 | 210210139767 | Крестьянское хозяйство "ПАРИМБЕК" (ПАРЫМБЕКОВ ДУАНБАЙ) | ИП | 2102 |
| 17 | 640616301505 | 210210142393 | Крестьянское (фермерское) хозяйство "Кадыров А" (КАДЫРОВ АБДУМАЛИК САБИТОВИЧ) | ИП | 2102 |
| 18 | 460721400219 | 210210088879 | Крестьянское хозяйство "Вам" (МИКОВА ЛЮБОВЬ КОНСТАНТИНОВНА) | ИП | 2102 |
| 19 | 451020401257 | 210210022062 | КУАНЫШБЕКОВА АЛИЯ | ИП | 2102 |
| 20 | 460101411372 | 210210351857 | СУЛЕЙМАНОВА РОЗА | ИП | 2102 |
| 21 | 810104303188 | 210210135159 | Крестьянское хозяйство "Алияр" (МУСАЕВ АЛИЯР КАСЫМОВИЧ) | ИП | 2102 |
| 22 | 710119302606 | 210911121204 | КХ КИПЧАКБАЕВ ЖУБАН ТУРГИМБАЕВИЧ (КИПЧАКБАЕВ ЖУБАН ТУРГИМБАЕВИЧ) | ИП | 2102 |
| 23 | 620813301562 | 210210600928 | КХ "Абдраимов Тинали" (АБДРАИМОВ ТИНАЛИ БАЯЛИЕВИЧ) | ИП | 2102 |
| 24 | 760910301220 | 210210194869 | САЛПАГАРОВ ХАМИТ ХАДЖИДАУТОВИЧ | ИП | 2102 |
| 25 | 700313301531 | 210210597110 | КХ "Аябек" (ШАЖАЛИЕВ АЙНАБЕК АМИРБЕКОВИЧ) | ИП | 2102 |
| 26 | 390212301199 | 210210044283 | Крестьянское хозяйство "Юсуп" (ЧАУШ ОГЛЫ ЮСУП МУСАЕВИЧ) | ИП | 2102 |
| 27 | 400321300732 | 210210114167 | Крестьянское (фермерское) хозяйство " Нурасилов " (НУРАСИЛОВ ЖЕТПИСБАЙ) | ИП | 2102 |
| 28 | 491216300898 | 210210470387 | Крестьянское фермерское хозяйство "Исаков" (ИСАКОВ САЛИМЖАН) | ИП | 2102 |
| 29 | 440515401273 | 210210375205 | Крестьянское хозяйство "Исаева Актынке" (ИСАЕВА АКТЫНКЕ КЕРИМБАЕВНА) | ИП | 2102 |
| 30 | 491230400812 | 210210305578 | Крестьянское хозяйство "Нұр - Әмір" (КУДАЙБЕРГЕНОВА САРА) | ИП | 2102 |
| 31 | 760322302788 | 210210550180 | ИП "Руслан" (ИБРАГИМОВ РУСЛАН АБЫШОВИЧ) | ИП | 2102 |
| 32 | 620808301773 | 210210435455 | КХ "Орынбасар" (СУИНБАЕВ АЙДАР ОРЫНБАСАРОВИЧ) | ИП | 2102 |
| 33 | 611219401808 | 210210034143 | КХ Кульдан (ЖАБЫНОВА КУЛЬДАН АБДЫКАДЫРОВНА) | ИП | 2102 |
| 34 | 780120302565 | 210220014660 | ЕСЕЕВ БАХТИЯР КЕРИМЖАНОВИЧ | ИП | 2102 |
| 35 | 460516300793 | 210210377179 | САЛИМЖАНОВ САТЫБАЛДЫ | ИП | 2102 |
| 36 | 650929301727 | 210210516444 | Крестянское (фермерское) хозяисто " Нурбек" (ДЖУМАБЕКОВ НУРЛЫБЕК АБДРАХМАНОВИЧ) | ИП | 2102 |
| 37 | 371020302291 | 210220038701 | Крестьянское хозяйство "Сулеймбеков" (СУЛЕЙМБЕКОВ УРНЕКБАЙ) | ИП | 2102 |
| 38 | 770220302150 | 210220041689 | КХ "Утепберген" (УМИРЗАКОВ ШЕРХАН УТЕПБЕРГЕНОВИЧ) | ИП | 2102 |
| 39 | 820605400650 | 210220043290 | ИП Азимхан (ШАХАНОВА ЖУЛДЫЗ АЗИМХАНОВНА) | ИП | 2102 |
| 40 | 720102302853 | 210210231548 | ИП АРМАН (АСАНБЕКОВ НУРБАЙ ЖАПАРОВИЧ) | ИП | 2102 |
| 41 | 811111302636 | 210220047139 | ИП "Русланбек" (САРСЕМБАЕВ РУСЛАНБЕК ДЖАНКУЛОВИЧ) | ИП | 2102 |
| 42 | 520215300512 | 210220047579 | Крестьянское фермерское хозяйство "Айнұр" (АБЛАЕВ САБЫРБЕК) | ИП | 2102 |
| 43 | 771001303150 | 210210562965 | ДИНАЛЫ ЕЛЖАС | ИП | 2102 |
| 44 | 740223305850 | 211520140824 | КХ САРСЕНБЕКОВ САТЫВАЛДЫ АБДИКЕРИМОВИЧ (САРСЕНБЕКОВ САТЫВАЛДЫ АБДИКЕРИМОВИЧ) | ИП | 2102 |
| 45 | 770917301706 | 210220052553 | КХ "Талгат" (ДЖУМАРТБЕКОВ ТАЛГАТ КАДЫРХАНОВИЧ) | ИП | 2102 |
| 46 | 470528300790 | 210210157481 | Крестьянское хозяйство "Майда" (ДЖАБЫКБАЕВ РАФИК ТУРСЫНКУЛОВИЧ) | ИП | 2102 |
| 47 | 760201303669 | 210210126490 | ИП "САТЫБАЛДИЕВ А . С " (САТЫБАЛДИЕВ АХМЕДУЛЛА САМИГУЛЛАЕВИЧ) | ИП | 2102 |
| 48 | 430322300595 | 210210015719 | Крестьянское хозяйство "Абиханов Ж" (АБИХАНОВ ЖУАСБАЙ) | ИП | 2102 |
| 49 | 750102300763 | 210220061365 | ХАМДИЕВ ЖАББАР ПУЛАТОВИЧ | ИП | 2102 |
| 50 | 681207300513 | 210210212288 | КРХ"ОЛЖАС" (АБИШЕВ НУРДАУЛЕТ МЕДЕТХАНУЛЫ) | ИП | 2102 |
| 51 | 630122302863 | 210220070485 | КХ КОСПАНОВ (КОСПАНОВ АСКАРБЕК БАГЕНОВИЧ) | ИП | 2102 |
| 52 | 030364017566 | 210220073050 | КРХ "БАРС" (Мухитдинов Бахтиёр Тимурович) | ИП | 2102 |
| 53 | 721015301220 | 210220073853 | Крестьянское хозяйство "Муса-1" (МУСАЕВ МАХАММАД ИБРАГИМОВИЧ) | ИП | 2102 |
| 54 | 640129301508 | 210210069267 | Крестьянское хозяйство "Жамбыл" (КИРГИЗБАЕВ ДЖАМБУЛ ИСКАКОВИЧ) | ИП | 2102 |
| 55 | 831023300902 | 210220078238 | ИП "Байтана" (БАЙМЕНОВ ТУРСЫНГАЗЫ КУРМАНГАЗЫУЛЫ) | ИП | 2102 |
| 56 | 580225302712 | 210220082610 | ЕРАЛИЕВ МИЯТБЕК СЫДЫКОВИЧ | ИП | 2102 |
| 57 | 820725302811 | 210220090413 | ТУНГЫШБАЕВ АЛИШЕР ОРАЗАЛИЕВИЧ | ИП | 2102 |
| 58 | 691222302197 | 210220092596 | Крестьянское (фермерское ) хозяйство "ДИКХАН" (АНАРКУЛОВ БАКЫТ АНАРБЕКОВИЧ) | ИП | 2102 |
| 59 | 670121301728 | 210210181735 | КРХ "САТ" (МАМУТОВ ТУРСУНБЕК РАХМАТУЛЛАЕВИЧ) | ИП | 2102 |
| 60 | 750529302890 | 620220201535 | ИП Турдалиев (ТУРДАЛИЕВ САМАТ ТОЙГАНОВИЧ) | ИП | 2102 |
| 61 | 650117302225 | 210220115385 | ДЖАТКАНБАЕВ МАРАТ ЕСЕНБЕКОВИЧ | ИП | 2102 |
| 62 | 800924303184 | 210220124092 | КХ "Нурзат" (МЕШИТБАЕВ НУРГАЛИ МАХАШОВИЧ) | ИП | 2102 |
| 63 | 750223302351 | 451520335280 | ИП "ЕРБОЛ" (ИСМАИЛОВ ЕРБОЛ ТУРАРОВИЧ) | ИП | 2102 |
| 64 | 740524301764 | 210220141334 | Крестьянское (фермерское) хозяйство "Мерей" (АЙТЖАНОВ БАУЫРЖАН УМУРЗАКОВИЧ) | ИП | 2102 |
| 65 | 660822302150 | 210220146533 | КРХ "ЕРМЕК" (КЕКИЛБАЕВ ЕРМЕК ЕМБЕРГЕНОВИЧ) | ИП | 2102 |
| 66 | 871217301605 | 210220150344 | ИП "Asa Plast" (САРШАЕВ ДАУРЕН ОРАЛОВИЧ) | ИП | 2102 |
| 67 | 780212302486 | 210920123496 | ИП СЫЗДЫКОВ (СЫЗДЫКОВ КАНАГАТ КУРМАНАЛИЕВИЧ) | ИП | 2102 |
| 68 | 741208300453 | 210220168336 | ДУЙСЕМБИЕВ СЕРИК ИДРИСОВИЧ | ИП | 2102 |
| 69 | 620412301929 | 210220185268 | КХ "Нурали" (ШАЛКАРБАЕВ БОГЕН СЕЙДАЗИМОВИЧ) | ИП | 2102 |
| 70 | 720817301872 | 210220202109 | КХ "Ислам" (ТУРМАХАМБЕТОВ ИСЛАМ ОРЫНБАСАРОВИЧ) | ИП | 2102 |
| 71 | 870119302866 | 210220219506 | Крестьянское хозяйство "Ақтілек" (БЕРТАЕВ ЖАРЫЛКАСЫН САНСЫЗБАЙҰЛЫ) | ИП | 2102 |
| 72 | 850618302885 | 210220228322 | ИП "Сапар " (БЕКБАУОВ КАНАТ САПАРКУЛОВИЧ) | ИП | 2102 |
| 73 | 060864022863 | 210220255528 | Крестьянское (фермерское ) хозяйство "Кара-осман оглы Д" (КАРА-ОСМАН ОГЛЫ ДУРСУН ЯКОВЛЕВИЧ) | ИП | 2102 |
| 74 | 830108300525 | 210220259652 | ИП "Самғау 2050" (ОРУМБАЕВ ЕЛДОС ДЕГДЕНБАЕВИЧ) | ИП | 2102 |
| 75 | 770930303357 | 210220260183 | ИП Тасыбеков (ТАСЫБЕКОВ МУХТАР АМАНГЕЛДИЕВИЧ) | ИП | 2102 |
| 76 | 431226399012 | 210220268156 | ИП "ЕСБОСЫНОВ О" (ЕСБОСЫНОВ ОНГАРБАЙ) | ИП | 2102 |
| 77 | 420629400112 | 210220270906 | КХ "Рахманкулова Б" (РАХМАНКУЛОВА БАЛАКУЛЬ) | ИП | 2102 |
